


АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ  
БАЙҒАНИН АУДАНЫ  
АЛТАЙ БАТЫР АУЫЛЫ  
«А.С.ПУШКИН АТЫНДАҒЫ ОРТА  
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ



АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ  
БАЙГАНИНСКИЙ РАЙОН  
СЕЛО АЛТАЙ БАТЫР  
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА ИМЕНИ  
А.С.ПУШКИНА» КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Бұйрық №86/1

Алтай батыр ауылы

31.08.2023ж

### 2023-2024 оқу жылының басталуы туралы

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №363 бұйрығы, Ақтөбе облыстық білім басқармасы Байғанин аудандық білім бөлімінің 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі №162/1 мен А.С.Пушкин атындағы орта мектебінің 31-тамыз күнгі педагогикалық кеңесінің қаулысын негізге ала отырып, 2023-2024 оқу жылын белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдасқан түрде бастау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

- 1) А.С.Пушкин атындағы орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылы санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып, басталынсын.
- 2) Сабақ кестесі ата-аналар комитетінің келісімі арқылы мектеп директорының бекіткен формасында өткізілсін.
- 3) Сабақ қоңырау кестесі №76 бұйрыққа сәйкес берілген санитарлық талаптарды ескере отырып, жасалынған кестемен 45 минуттық ұзақтықпен екі ауысымда өткізілсін.
- 4) Оқу процесінің білім стандартына және санитарлық талаптарға сай жүргізілуін қадағалау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Тоқаева Жазираға міндеттелсін.
- 5) Оқушылар мен қызметкерлердің сабақ барысында белгіленген тәртіппен санитарлық талапқа сай жүруін, мектепке келу-кету, үзіліс кезінде қозғалысын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сәмиева Гүлжайнаға және медбике Сахтапбергенова Жансаяға жүктелсін.
- 6) Сынып кабинеттерін және барлық жайларды ауысым арасында желдетіп отыру қажет жағдайда кварцтау және дезинфекцияға арналған антисептикалық ерітіндімен сүртілуін ұйымдастыру мектептің шаруашылық меңгерушісі Шаршыбаев Сәбитке және оны бақылып отыру медбике Сахтапбергенова Жансаяға тапсырылсын.
- 7) Егер оқушы мен қызметкерге қандай да болмасын ауру белгісі байқалған жағдайда ол оқушы не қызметкер тез арада окшауландырылсын. Оқушыны онлайн негізде оқу жүзеге асырылсын.
- 8) Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Мектеп директоры:  А.Мырзағалиев

